

Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
«Марал» бөбекжай бақшасы

Жасыл шырша жанында



«Құлыншақ» орта тобы

Тәрбиеші: Н. Нурмаханова

2023 жыл

Бекітемін: « 15 » « 12 » 2023ж
«Марал» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі Н.Нысанбайқызы



«Жасыл шырша жанында»

«Құлыншақ» орта тобы

Тәрбиеші: Н.Нурмаханова

2023жыл

«Құлышпақ» орта тобының жаңа жылға арнаған ертеңгілігі.

«Жасыл шырша жанында»

Залда көңілді әуен ойналып тұрады. Балалар, тәрбиешілермен бірге залға кіреді.

Жүргізуші: Саламатсыздар ма, балалар! Саламатсыздар ма, қонақтар!

Жаңа бақыт, жаңа жыл!

Жаңа өлең, жаңа жыр,

Балғын бөбек, балалар.

Құтты болсын, жаңа жыл!

Балалар қараңдаршы шыршаға ойыншықтары қандай әдемі жарасып тұр.

Қандай әдемі. (балалар шыршаны жақындап келіп тамашалайды)

Балалар жасыл шырша мерекесіне біреулер жетіспей тұрған сияқты. Олар кімдер?

Балалар: Аяз ата, Ақшақар

Жүргізуші: Дұрыс, ал бірігіп бәріміз Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық.

Аяз ата, Ақшақар (дауыстап шақырады)

(осы сәтте қатты жел мен боран дауысы шығады, залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді.

Аяз ата: Келе жатырмыз, келе жатырмыз. Балаларым, балғындарым. Қандай әдемі менің балаларым, балғындарым. Қандай керемет киімдерің де, өздеріңде қандай тамаша. Балаларым, балғындарым шыршаларыңның шамы жанбай тұр екен, қане бәріміз сиқырлы сөз айтайық. (таяғымен сілтеп)

Таңырқат, таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат – деп шыршаның шамдарын жағады.

Жүргізуші: *Тамаша! Тамаша!*
Шыршамыз тұр жараса
Әсем, әсем, ойыншығы
Көз тоймайды қараса
Жасыл шырша жанында
Ән айтайық тамаша.

Жүргізуші: Аяз ата сіз шаршаған шығарсыз сіз отырып дем алыңыз, балалар сізге арнап тақпақтар айтып берсін.

Аяз ата: Жарайды (орындыққа жайғасады)

Әмина

Жаңа жыл келді о, міне,

Далама, қалама, жеріме.

Шаттыққа бөлеп әр үйді

Шыға ғой менің төріме

Медина

Өлең де әзір, ән әзір,
Ойын да әзір- бәрі әзір.
Кел, достарым, тойлайық
Жаңа жылды қарсы алып

Көркем

Тамаша! Тамаша!
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса!

Айсұлтан

Жүзімізде күлкі ойнаған
Қанаттанды жанымыз,
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз.

Наркенже

Ақ қырауға малынған
Сақалыда мұртыда.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Ақжарқын

Қала нұр, дала нұр,
Құтты болсың Жаңа жыл!

Нұрғаным

Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

Нұримаң

Жаңа жылым мол болсын
Басқан қадам он болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

Сахназар

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Құлпынай

Жаңа жыл, жаңа жыл

Тамаша тойымыз

Мұхаммеджан

Алақай – алақай

Өседі бойымыз

Айғаным

Қар жауғанда топ бала

Соқтық келіп аққала

Асу

Аққала, аққала

Сәлем жолда атаға

Ақбаян

Сағынып көп күткен

Атамыз келеді

Аяз ата: Жарайсыңдар балаларым, балғындарым тамаша тақпақ біледі екенсіңдер. Ал, енді балаларым, балғындарым сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

Ойын: «Қар жинау»

Ойынның шарты: екі бала шығып, әуен басталған кезде қар жинайды. Кім қар көп жинаған сол бала жеңіске жетеді.

Ойын: «Аққала құрастыру».

Жүргізуші: Аяз ата біздің балаларымыз ән айтып береді.

Ән: «Шырша, шырша, шыршамыз»

Ақшақар: Ата, Ата бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты, кім болды екен? (музыка әуенімен залға қоян секіріп кіреді)

Қоян: Бұл мен ғой Ақ қоян. Саламатсыздар ма балалар! Саламатсыздар ма қонақтар!

Ақшақар: Саламатсыз ба аққоян. Сен бізге аяз сыйлықтарды алып келдің ба?

Қоян: Жоқ, мен балалалармен жаңа жыл тойына би билеуге келдім. Менің кішкентай қояндар қайда екен.

Би: «Қояндар»

Қоян: жарайсыңдар, балалар! Сендерге көп – көп рахмет. Жақсы би билейді екенсіңдер. Енді мен басқа балалармен би билеуге барайын, жақсы сау болыңдар! (қоян залдан шығып кетеді)

Ақшақар: біздің сыйлықтарымызды кім әкеліп береді екен?

Аяз ата: Қап, мен сыйлықтарды ұмытып кетіппін ғой.

(есік қағылады, ішке музыка әуенімен Қуыршақ кіреді, артында сүйреген машинасы бар, үстінде Аяз атаның қапшығы тиелген)

Қуыршақ: Саламатсыздар ма, балалар! Саламатсыздар ма, қонақтар!

Мен көңілді ән мен биді ұнататын Қуыршақпын. Мен сіздерге Аяз атаның сыйлық салынған қапшығын әкелдім. Сыйлықтарыңды алу үшін бірінші бәріміз мына «Шырша» биін билейік.

Би: «Шырша»

Қуыршақ: Жарайсыңдар, балалар! Сендер тамаша билейді екенсіңдер. Керемет биледіңдер. Енді сыйлықтарыңды Аяз ата мен Ақшақарға беремін. Сіздерге таратып береді. Ал мен басқа балаларға барып би билеймін. Жақсы сау болыңдар! (қуыршақ залдан шығып кетеді)

Аяз атамен Ақшақар балаларға сыйлықтарын таратып береді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Осымен «Құлыншақ» орта топ балаларының Жасыл шырша жанында ертеңгілігі аяқталды. Жақсы сау болыңыздар!

